

«ЖАС АЛАШ» ОҚЫРМАНДАРЫМЕН СЫРТТАЙ СҰХБАТ

Мен тікелей өз қолымнан шыққан таңбалы сөзге ғана жүгінетін кісімін. Ауызша айтылған әлденендей лепес баспаға жеткенде сол, әуелгі қалпында сақтала қоймайды. 90-жылдар, тәуелсіздік қарсаңы – мұнда Алматы, арыда Мәскеу газеттеріне берген сұхбаттарым, орашалақ сөйлемдері өз алдына, кейбір жері қысқарып, салмағы ауып, кейбір тұстарда көпе-көрнеу бұрмаланып, тіпті, айтпаған әуезің қосылып, бүлініп шыққанын көрген соң, атаулы сұхбаттан мүлде дерлік бой тартқан едім. Енді өзім азаматтығын да, әдебиетші, жазушылығын да айрықша бағалайтын Әмірхан Меңдеке бауырымның аралық қолқасымен, «Шыңғыс хан» тетралогиясының үшінші, төртінші кітаптарының аралығында сына тауып, «Жас алаштың» тілектес оқырмандарының әрқилы сыпаттағы сауалдарына жауап қайырмай болмады.

– Қымбатты Мұха! Сау-саламатсыз ба? Бірінші сұрағым, Шыңғыс хан кім? Түркі ме, моңғол ма? Осыны сіздің дуалы аузыңыздан тек мен ғана емес, бүкіл қазақ естісе екен деймін.

Екінші сұрағым, Шыңғыс ханның руы – қият. Мен де қият руынанмын. Қазақстанда «қият» деген ру барын көп жұрт біле бермейді. Өйткені бұл ру үш жүзге де тегіс шашырап, бытырап кеткен. Осы Қазақстандағы қият руы Шыңғыс хан ұрпақтарынан тараған ба? Әлде оған қатысы жоқ па?

Қарақалпақстанда қияттардың астанасы болған көне Қият қаласының орны бар екен (ғалым Ә.Қоңыратбаевтың жазуынша). Қазір бұл қаланың орнында Бируни (Әбу Райхан әл-Бируни) қаласы тұр. Әбу Райхан әл-Бируни де – қият руынан. (*Тұрлыбек Ешниязов, Қызылорда қаласы*).

– Шыңғыс хан – түрік. Тумыс тегі де, ту көтеріп, алғаш құраған қауым жұрты да түгелдей түрік нәсілі. Бұл туралы біз тек нақты тарихи деректерге ғана негіздеп жазған «Шыңғыс хан» романының бірінші кітабында егжей-тегжейлі баяндаған болатынбыз. Осы реттегі бір ескертпе – қазір қазақ баспасөзі мен ғылымында қалыптасып, жаппай қолданысқа енген «түркі» атауының ешқандай мағына, қисыны жоқ. Мұндай халық та, этноним де болмаған. Түрік тайпалары. Түрік қағанаты. Түрік жұрты. Қазірде түрік халықтары. Анадолы–Түркия қауымынан бастап, бүгінгі қазақ пен сақа-якутқа дейінгі, туыстас қаншама халық – түгел түрік. Арғы бабаларымыздың өзіндік намын сақтап қалған (шын мәнісінде Ататүрік қалпына келтірген) Кіші Азия түріктерінен бөлектену үшін жаңа бір этноним ойлап табу – тек қана білімсіздік пен ұлтсыздық көрінісі дер едім.

Шыңғыс ханның руы – түрік текті қият. Ол заманда Татан Даласы, яғни Шығыс Түрік жұртында дербес хандық құрып тұрған керей, найман, меркіт, татар тайпаларынан соңғы – қоңырат, маңғыт, қатаған, жалайыр, жүрият, ұраңқай, салжұғыт теңдес, саны шектеулі, бірақ айрықша жауынгер жұрт. Шыңғыс хан ешқашан ру алалығына жол бермеген. Керек десеңіз, рулық құрылымды жоюға, тым құрыса әлсіретуге тырысқан. Сондықтан, ұлы қағанның билігі кезінде де, одан соң да қият руы айрықша есепте болмады. Ал кейінде, Алтын Орданың ыдырау кезеңінде, аумалы-төкпелі заман, қоныс, тұрған жер ыңғайымен, ағайындас, үлкен рулардың құрамына қосылып кетеді. Қият – айттық, Шыңғыс ханды туғызған ру. Ал ұлы қағанның тікелей ұрпақтарына келсек, бұл әулет қазақ арасында «Төре» деп аталады. Арыда қазақтың Әз-Жәнібек, Керейден басталатын жауынгер, ұлы хандары шыққан, кейінде Шоқан мен Әлихан туған, «Алтын Ұрық» атанған өзгеше нәсіл. Бұрынғыдай бас көтерер тұлғалары болмаса да, бүгінде жалпы қарасыны он, жиырма – талай мыңға жетсе керек. Яғни, төрелер де түрік текті қият руының бір тармағы деп білу керек.

Қазіргі Қарақалпақстан шегінде болған көне қаланың аты Қият емес, Кят. Миләди 995 жылға дейін Ежелгі Хорезм патшалығының астанасы. Кейінірек Шаббаз атанған, бүгінде Беруни. Ортағасырлық әйгілі мұсылман Әбу Райхан әл-Бируни (973 – 1048) осы Кят қаласында туып-өскен. Тұқым тегі – хорезмдік парсы.

– Бізде, Қазақстанда, қазақ тілін білмейтін және ұдайы қазақтың тіліне, қазақтың мақсат-мүддесіне қарсы шығатын, бір сөзбен айтқанда, орыстілді, орыспығылды, орысшыл қазақтар қатты өсіп жатыр. Өскенде де, аса жауапты, өте лауазымды қызметтерді иеленіп жатыр. Әрине, мұның қалыпты құбылыс емес екені де белгілі. Бұл – біздіңше, аса қатерлі, кесепатты құбылыс. Осыған не айтасыз? (*Серік Егізбаев, Алматы қаласы*).

– Қазаққа қайшы, тіпті, жаулық ниеттегі адамдар үлкен мансапқа жетіп, өз ұлтына қарсы жұмыс жасап жатса, бұл – бүгінде Қазақстан аталып отырған құрылым – қазақ елі емес деген сөз. Біз әлі күнге Совет заманындағы отарлық қалыптан шыққамыз жоқ. Ал кіріптар, немесе алмағайып жағдайдағы өз ұлтынан безген сатқындар барлық заманда, барлық халықта болған. Қазақтың кемшілігі емес, кер заманның кеселді, табиғи көрінісі.

– «Шыңғыс хан және оның заманы» атты төрт томдығыңызды қай уақытта толық тәмамдайсыз? Кейде жазып отырғанда кітаптың көлемінің өсіп, не болмаса кішірейіп кететіні де болады. Осындай өзгерістер жоқ па? Ойыңызда, жоспарыңызда тағы не бар? (*Сара Жолжақсынова, Кентау қаласы, Оңтүстік Қазақстан облысы*).

– Бүгінде «Шыңғыс ханның» үш кітабы жазылып, баспадан шықты. Осы сауалнаманы аяқтай салысымен, төртінші кітапқа кірісем. Тәңірі –

қуат, аруақ дем берсе, бір жарым-екі жыл мұғдарында тәмамдап қалармын.

Ең мұқият ойластырған шығарманың өзінің тікелей жазу үрдісінде өзгеріске ұшырап жатуы – табиғи жағдай. Шыңғыс ханның жеке тарихы үшінші кітаппен тәмамдалып, төртінші кітап – Ұлы Қағанның мұрасы, Алтын Ордаға арналуға тиіс еді. Енді соңғы том да Шыңғыс ханның тікелей ауқымынан табылғалы тұр. Тек кейінгі тараулары ғана Ұлы Қағанның нақты өсиеті – Бату ханның Батыс жорығын қамтымақ.

Адам өмірі шектеулі. Енді жүзге дейін тоқтаусыз жазсам да, жиырма мен отыз аралығында ойластырған барлық жоспарымның шегіне жете алмас едім. Бүгінгі арман – «Шыңғыс ханның» төртінші кітабын өз деңгейінде қалыптап шығу. Одан арғысы – Тәңірі мен Тағдырдың еркінде.

– Елден неге кеттіңіз және елге қашан ораласыз? (*Зейнолла Елемесұлы, Алматы қаласы*).

– Бұл – тұтас бір кітапқа жететін әңгіме. Жазу үшін деген жалғыз-ақ сөзбен түйіндеуге болар еді. Енді, сұрау түскен соң, шет жағасын шығарайын.

Әдебиетте, күнделікті өмірде дау-дамай деген болып тұрады. Бірақ 1920-жылдарда Алаш арыстарына тағылған айыптың, 1937 жылғы, жаппай ату мен каторга қарсаңындағы «жапон шпиондарын» әшкерелеу науқаны, тіпті, 1949–50 жылдардағы сүргіннің өзінің жөні бөлек. Советтік санадан арылмаған бүгінгі күні сол ежелгі сұмдықтар толықтай болмаса да, ішінара жүргізіліп жатыр. Ату да, айдау да бар, тек бұрынғыдай жаппай жариядан тыс.

Мен Совет заманында да жағымсыз саналдым, әркімге кедергі, бөгесіндер өз алдына, ежелгі мұраға арналған тұтас бір жинақтар баспадан өтпей қалғаны, өткен соң да ойылып, кесіліп, зорлыққа ұшырағаны, тіпті, әйгілі бір кітаптың шыға салысымен кәмпескеге ұшырап, турауға түскені бар. Ұлтшыл деген айып тағылды (қазір «рушыл» дейді). Мұның бәрі ештеңе емес, басың аман болған соң. Қазір де ондай қатер жоқ сияқты. Бірақ мен ендігі, «тәуелсіз» аталатын елде бұрынғыша бұқпантайлап жүргім келмеген. Соған орай жасалған, амалсыз әрекет.

Маған қарсы, әдепкі сын емес, пәлелі, былғаныш науқан 2002 жылы басталды. Наурыз айында, әуелі социалистік «Егемен Қазақстан», одан соң «Ана тілі» мен «Қазақ әдебиетінде», айналасы бір апта ішінде жалалы үш мақала жарияланды. Сол науқан тынымсыз жалғасып, тура бес жылға созылды. Ақыры, 2006 жылы өзгеше қарқын алған еді. Күзге қарай мүлде үдеп, енді үздік-создық емес, жөппелдеме, кейде бір күн ішінде бес-алты газет бетінде басылып жатты. Жинақтап келгенде, осы бес жыл ішінде, жабық арыздарды айтпағанда, тек қана баспасөз бетінде біздің үстімізден қаралы шағым түсірмеген жан қалмады. Ең негізгілерін теріп айтсақ: республика парламентінің, мен «ақмолалық 26 комиссар» деп атаған жиырма алты депутаты; сол замандағы құдіретті құда Мұхтар Әлиев пен

қызыл партизан Қасым Қайсенов бастаған он үш академик пен «Халық қаһарманы»; ССРО Халық артисі Асанәлі Әшімов демеген жеті өнерпаз жазушы; Бибігүл Төлегенова жетелеген, тағы бір ірілер қостаған он шақты «Дін жанашырының» ғарызнамасы; Отырардағы «Еңбек ардагері», таңдама бір топ шалдың жанайқайы; тарихшы, саясаткер, сазгер, тағы қаншама халықтың жекелеген жүрекжарды пікірі... Санап тауыса алмайсыз. Бәрі дерлік анау-мынау емес, республика президентінің атына жолданып, «Алматы ақшамынан» «Егемен Қазақстанға» дейінгі барлық басылымдар, тіпті алыстағы Қостанай мен Шымкент газеттері де үн қосып, жүз мыңдаған тиражбен бүкіл Қазақстанға дабылдап жатты. Өз кезінде Ахаң мен Жақаң, Мағжан мен Мұхаң қарсы да осыншама кең көлемді, әрі пәрменді науқан болған емес. Үлкен мақтаныш сезімімен еске аламын (Бұл науқан мен қиыр шалғайға кеткеннен соң да тоқталмады, ал биыл, елге барып қайтуыма байланысты жаңа бір қарқын тапқандай). Алдыңғы әкелерімнің соңынан атылмай қалды демесеңіз, бәрі баяғыша. Кейінгі зерттеушілер үшін Мұхтар Мағауиннің тәуелсіздік замандағы ғұмырбаяны да айрықша қызғылықты көрінбек.

Мен осы бес жыл бойы, айқай-сүрен астында делебесі көтерілетін бәйге ат сияқты, аса өнімді еңбек жасадым. «Қыпшақ аруы», «Кесік бас», жиырма-отыз әңгіме, «Ұлтсыздану ұраны», оған тетелес тағы соншама мақала – жиыны үш томнан асса керек. Менің шығармашылық өмірімдегі мағналы жылдар. Жұмыс тоқталған жоқ. Тіпті, 2006, 12 қазан, өзім туралы қатарынан бес, әлде жеті газетке шыққан жалалы мақаланың демеуімен, «Қы-Сы-Жы» дейтін көлемді, жаңа бір әңгімені бастаппын. Бірер аптада тәмамдап, баспаға дайын қылған соң, келесі бір қажетті мақала...

Осылай жалғаса берер еді, бірақ көптен күткен, сонымен қатар төтенше оқиға болды. Жоғарыдан түскен мәртебелі шешім бойынша, мені өзім он сегіз жыл және үш жарым ай басқарып отырған «Жұлдыз» журналынан кетірді. Осыдан біраз бұрын Егемен Өкіметіміз Әбдіжәміл Нұрпейісовке жаңа журнал құрып берген. Ақсақал екен. М.Шахановқа бұрнада жабылған бір журналды қайтадан ашып берген. Керемет екен. Дулат Исабековке және бір журнал. Классик екен. Сонда мен кімін? Қаншама жыл ұстаған, қаржысыз жағдай, ең қиын күндерден алып өткен, осы он сегіз жыл бойы ұлт мұратын әйгілеген әдебиет ұйтқысы, сүйікті журналымнан аластады. Яғни, мені Алматыда ұстап отырған ең соңғы жіптік үзілді деген сөз. Ол да емес. Менің қайран қалғаным, қатты түңілгенім – Пәленбай деген жазушыны, бір-екі рет, бірер ай, бір жыл емес, тұтас бес жыл бойы осыншама қудалап, үстіне дүниеде жоқ барлық пәле-жаланы үйіп-төгіп жатқанда, не әдеби қауым, дос-жар, тұрғылас саналатын әріптес жұрт, немесе көлденең алаш азаматтары бір ауыз адал сөздерін айтуға жарамады, мен қорғауға зәру емеспін, өздерінің азаматтық кейпін танытуға, жамандықтан тыс екенін білдіруге кісілігі жетпеді. Осының бәрін қызық көріп, қашан опырылып құлайды екен деп қарады да отырды. Мен мұндай ортада өмір сүре алмайтын едім. Әлбетте, жаза бересің, бірақ жалақор тобырды қойшы, әлгі, адал деген, тату,

сыйлас деген алыс-жақын жұртты қайта көру, той-томалақта олармен дастарқандас болу, кездейсоқ ұшырасқанда риясыз амандасу мүмкін емес еді. Мен бар қазақтан демейін, тақау төңірегімнен түгел жерідім. 1995 жылдан бастап Прагада орналасқан Едіге деген балам үнемі үгіттеп, өзіне шақырушы еді, Алаш жұртына айрықша қызмет көрсетіп келе жатқан журналымды қимай жүргем, ендігі бөгелістің қисыны қалмады. 2006 жыл, 27 желтоқсан күні бәйбішемді ертіп, екі шабадан – ең қажетті деген киім-кешек, қалам-сия мен кейінгі қолжазбаларымды алып, шет ел – Чех астанасы Алтын Прагаға келіп түстім. Эмиграция. Амалсыз, айдаулы, зорлықты іс емес, ерікті, таңдама әрекет. Сонымен тұрып жатырмыз. 2007, 2009 жылдары елге келіп қайттым. Бұдан соң араға тұтас бес жыл салып, биыл, тамыз–қыркүйек–қазанның басы – жетпіс күндей Семей мен Алматыда болдық. Бәйбішемнің бұрнада берік денсаулығы сыр беріп, Сары-Арқаның қымызын ішуге көңілі кеткен еді. Күріш арқасында дегендей, мен де біраз қунап қалдым.

1995 жылдан бастап етене, сол әуелгі кезеңнің өзінде «Мен» және тағы бір шығармалар жазылған Чех елі бүгінде менің екінші Отаным есептес. Экономикалық және рухани дамудың еуропалық жоғарғы деңгейіне жеткен меймандос халық. Тіршілік жөні Қазақстаннан қымбат емес және күнделікті, өзіндік өміріңе ешқандай бөгесін жоқ. Ауа таза, дәм-тұзың табиғи. Әуелде Прагада тұрақтап едім, екі жылдан асты, курортты Карловы Вары қалашығына қоныс тептім. Тақаудағы бірер жылда анық осы жерде боламын. Одан соң... бұдан әрмен Америкаға өтіп кетуім де мүмкін. Мені бар жағынан камтамасыз етіп отырған, әрі жазу тарабындағы ізденістеріме септес және кезекті кітаптарымды баспаға дайындап беретін Едіге деген баламның жұмыс және тұрақ орайымен. Осы биыл да кетуге болатын еді, үгітіне көнбей, құтты орнымда Шыңғыс ханды межелі жеріне жеткізейін деп қалып қойдым.

Осы орайда, советтік соқыр санадағы, қай жағынан да әрі-сәрі, қырмасақал қауымның мені жаппай, бар тарабымнан мансұқ қылған екпінді науқандарында тағылатын ең басты айып – қара үзіп елден кетуім. Совет тұсында жасаған жұрт жақсы біледі, жұмысқа тұрғанда, комсомолға, партияға өткенде, басқадай кез келген жағдайда міндетті «өмірбаян» жазылады, шыққан табың, әкең, шешен, тумысың, жүріс-тұрысың, ең бастысы – ең соңғы орамда «Никто из родственников за границей не живет» – «Шет елде тұратын ешқандай туысым жоқ» деген, аттап өтуге болмайтын, адалдық көрсеткіші бар. Енді әлденендей туыс емес, тап өзің шет елге өтіп кетіпсің. Балшабектік танымға қайшы, советтік санаға сыймайды. Сұмдық қой! Опасыздық! Азғындық! Қалай айыптасаң да артық емес. Қасас жауынды мұқатасың, әрі асқазаның тазарып қалады. Осыған жалғас ең сыпайы сөз: «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол!» – деседі. Бұл – ескі заманға қатысты, бүгінде орайы жоқ мақал. Ең бастысы – қай елде жүрсең де, өз халқыңа пайдалы шаруа жасау. Менің кәсібім – жазу. Бар сөзім туған еліме бөгеліссіз жетіп жатыр. Мән-маңызы – қай жерде жазылғаны емес, қалай жазылып, нендей мәселе көтеруінде. Тіпті, қоғамдық, әлеуметтік

мәселелерге қалам тартпай, тек қана көркем шығармамен отырсам да, еңбегім олқы болмас еді. Екінші, бәрінен де бастысы, Мен – тар заманның өзінде Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет тарихын қалыптап, «Алдаспан», «Қобыз сарыны», «Поэты Казахстана», «Бес ғасыр жырлайды», «Ай, заман-ай, заман-ай» дейтін кітаптар шығарған, арғы дәуірдегі қазақ рухын әйгілеген «Аласапыран», «Шақан-Шері», «Қыпшақ аруы», XX ғасырдағы қазақ ахуалын байыптаған «Тазының өлімі», «Көкбалақ», «Сары қазақ», «Кесік бас» және тағы қаншама үздік шығармалар жазған мына Мен – Мұхтар Мағауин неге өз елімде «ұлттан» болуым керек? Сонда сұлтаның кім? Халқын сатқан билік пе, бар қазынаңды тонаған қарақшы ма? Жоқ. Бағзыда Абай-Атам айтқан: «Өлген мола, туған жер жібермейді, Әйтпесе тұрмас едім осы манда!» – деп. Мен бұрнада жазғам, шын мәнісінде Абайдың барар жері жоқ еді деп. Ал жаңа дәуірде жасап отырған менің төрт тарабым бірдей ашық еді. Мен орайы түсіп тұрса да, Моңғолға, Қытайға, Түрікке кеткем жоқ. Осыншама ресми, өкіметтік қудалаудан соң Еуропадан саяси баспана сұрап, бар жағдайымды ондап алуыма да болатын еді. Мен қалыпты жазу үрдісі бұзылмауы үшін, ең бастысы – уақытша тыныштығым үшін ең бейбіт жолды қаладым – маған сүйікті өкіметім тағайындаған 10 339 теңгемен (ол кезде 70 доллар шамасында) жан баға алмайтын едім, Прагадағы баламның қолына келіп тұрдым. (Нақтылай кетейін, соңғы барғанда көрдім, зейнетақым еселей өсіп, 50 мыңға тартыпты, тәуба, осындағы бос тұрған пәтерімнің табаны мен жылуына жетіп қалады екен.) Міне, осындай, қадірінді білмегені тұрыпты, бар тіршілігіне, жазуына бөгесін тудыруға бейіл, – өкіметті айтпаймын, оның өктемдік жолы, қожайындар алдындағы міндетті бір жұмысы – алаш азаматтарын тоздыру ғой, – қалың жұртыңның ортасында пұшайман болып, жүйкенді тауысып, өмірінді өксітіп, бейшара, кіріптар кейіпте отыра беруің керек пе? Шәкәрімнің жазғаны бар, Абай туралы, мипаздап қайталасақ, қораш ортада ғұмыр кешіп, қор болып өлді, деген. Менің қор болып өлгім келмеді. Алда қаншама жазуым күтіп тұрған.

Шет жұрттағы жұмыс тезінен белгілі бір қалыпқа түсті. Осы сегіз жылдың ішінде әуелде «Жармақ» және тағы қаншама әңгіме, қажетті, мәнді бірталай мақала жазылды. Басында төрт томдық деп белгіленген «Шыңғыс ханның» негізгі үш кітабын бітіргенімді айттым. Тақау бірер жылдағы мақсат – төртінші кітапты сәтімен тәмамдау дедік. Бұдан соң, шектеулі ғұмыр үзілгенше тағы да қыруар жұмыс. Артыңнан шығып жатқан айқай-шу мұнда жетпейді. Басыма үйіп-төгіп жатқан кездің өзінде қылауы жұқпаған тоқсан тоғыз жала мен пәленің көлеңкесі елес бермейді. Мұндай, озбырлық пен зұлымдық жайлаған, өтірік пен өсек айрықша өріс тапқан ортада мен қызығатын не қалды? Сірә, елге ешқашан оралмаспын.

Иә, биыл туған жұртқа бардық, көрдік. Ел бұрынғы қалпында екен. Оңалып кеткен ештеңе жоқ. Тұрмыс тарыла түскен. Рухани өмір әрі-сәрі. Мемлекеттік саясат – тәуелсіздікті терістеу, ұлтсыздандыру бағдарында. Қаншама аралас арнасы бар дүбара теледидар бетінен қазақша ән мен күй

біржола аласталған (дәлдің-дүлдің эстрада есеп емес). Ал кеше Ахаң мен Жақанды айдатып өлтірген, Мағжанды аткызған, Мұханның өмірін улаған, тағы қаншама алаш арыстарының түбіне жеткен ұлт сатқындары мен жандайшаптар баяғы қалпында көрінеді. Мен келіп кеткен соң бір жапырласып қалды. Сегіз жыл бойы үзілмей келе жатқан бықсық шалаларын қайтадан қоздатып, бұралқы сайттарының бетінде мәре-сәре болып жатыр. Жай ғана пәле-жала емес, патологиялық өшпенділік. Яғни, Мұхтар Мағауин де бұрынғы күшінде тұр деген сөз. Тәңірі маған рух пен қуат берген алаш жұртының несібесін тауыспасын.

– Аса қадірлі Мұха! Сізді жаңаөзендіктер өте қадірлейді әрі зор құрмет тұтады. Және әрбір жаңаөзендік өз баласына, ал баласы өз кезегінде өзінің баласына Мұхтар Мағауиннің есімін ешуақытта ұмытпауды тапсырғанына, тапсырып кететініне ешбір шәк келтірмеймін. Жаңаөзен оқиғасы кезінде, несін жасырайық, аға, қатты аңырдық қой. Сол кезде жаңаөзендіктерді қолдаған Сіздің үніізді естідік. Жыламаған адам қалмады... Әкем байғұстың (жақында қайтыс болды марқұм) көзінен аққан жасы сақалынан сорғалап, омырауын шылқа-шылқа су қылды... Күші басым баладан әділетсіздікпен таяқ жеп, қатты қапаланып, тығылып тұрған баланың басынан сипасаң, не болады? Біз де Сіздің үніізді естігенде дәл сондай күй кештік, көз жасымызға ерік бергеніміз де содан...

Ал енді өзіміздің сеніп жүрген үлкен қайраткер ағаларымыз бен апаларымыз сол Жаңаөзен оқиғасы кезінде өзімізді кінәлап, өзімізді жерге тығып сөйлегенде, не істерімізді білмедік?! Біздің өмірімізді білмейтіндей, өзімізді білмейтіндей, біздің тұрмыс-тіршілігіміз бен ниетімізді білмейтіндей бұлар бізден соншалықты алшақтап, алыстап кетті деп айта алмаймыз. Біледі! Білгенде қандай! Бірақ сол баяғы етінен өтіп, сүйегіне сіңген жағымпаздық. «Билікке ұнамай қалам ба...» деген жалтаңкөздік.... Осы бәледен (жағымпаздықтан, қорқақтықтан, екібеткейліктен!) қалай арыламыз, аға? Мұның жолы бар ма, жоқ па? *(Әсет Қадырбекұлы, Жаңаөзен).*

– Рахмет. Жаңа-Өзен оқиғасы – кімнің кім екенін айқындаған үлкен қасірет болды. Сұмдық жайын алғаш естігенде мен қайран қалдым әрі қатты түршіктім. «Шыңғыс ханның» екінші кітабы, Алғашқы азамат соғысының қым-қуыт, қиын тұсында отыр едім. Додаға араласам деп ойлағам жоқ. Қазақ – үлкен халық, бүгінде бұл халықтың қаншама атпал азаматы – ақын, жазушы, ғалым, саясаткер бар, солар түп көтеріліп, өз халқына қарсы жасалған мұншама жойдасыз зұлымдықты жаппай айыптар, көпшілік жұрт көшеге шығар деп ойладым. Шынында да, әуелгі таңның өзінде Республика алаңына арнайы барған ұлтшыл тұлғалар – Хасен Қожа-Ахмет, Жасарал Қуанышәлі және Серік Сапарғали, әрқайсысы бірер ауыз сөзбен болса да, қылмысты істі ашық айыптаған екен. Тезінен зиянсыз жағдайға түсірілген. (Ал қалған қазақ Құдайдан жоғары қойып отырған бір кісіміз, кейіннен естідім, тәртіп сақшыларын қорғалана қашып, алыс ауылдағы әпкесінің үйіне демалысқа кеткен

көрінеді). Ақтауда тезінен шеп құрған қаһарман жастар өз алдына, бар қарсылық осымен бітті. Енді мүлде керісінше жағдай болды. Елін қорғап, жұртын жақтар деген белгілі тұлғаларымыздың ең алғы, белсенді тобы билікке жапырлай жағынып, қанға бөккен халқын айыптап, ақ ит пен көк итті қабатынан жарыстырып, өзеуреп жатыр екен. «Азаттық» радиосында отырған Едіге дейтін балам интернеттен алып, түгелдей бастырып, алдыма әкеліп тастады. Және дәп осы кезде Дубайда жүрген бір шәкірт інім, алаштың қайраткер, ұлтшыл азаматы телефон шалып, арнайы сәлем айтыпты. «Аға неге үндемей отыр, пана тұтар тұлғаларының сиқы мынау, халқымыз жерге қарап қалды ғой...» – депті. Енді мен қолма-қол комданып, 20 желтоқсан күні түнде, шала ұйқымен, таң атқанша отырып, атаулы мақаламды жаздым. Едіге ертесімен радиоға ала кетіп, тезінен орыс және ағылшын тілдеріне аудартып, содан соң, аса жауапты тақырып, әрі авторы қазақ директорының әкесі болғандықтан, жоғарғы коллегияның тексеріс, мақұлынан өткізіп, 22 желтоқсан күні «Азаттық» сайтына шығарды. Арада үш-төрт күн өтпей «Жас Алаш» қалған жұртқа жария қылды. Дүниені төңкермесе де, дер кезіндегі, аса қажетті лепес. Туған халқымның алдындағы таусылмас парыздың кішкентай бір бөлшегі ғана. Бұл күндерде «Азаттық» радиосының менің ұлым Едіге басқарған қазақ бөлімі өзінің өтімді тілшілерін дүркінімен, арнайы жолдап, Батыс әлеміндегі сөз еркіндігі мен қазақы ұлтшыл сананың озық үлгісін көрсетті. Жаңа-Өзен оқиғасын, оған жалғас Шетпедегі жағдайды жан-жақты, әрі нақты айқындап, жалпы жұрттың көзін ашқан, болашақ тарих үшін қажетті тағы қаншама дүниені жарыққа шығарды. Осыдан соң бар әуез оңға бұрылып, жаңа жылдан кейін жаппай сайрап кеттік. Ол да жөн. Жаңа-Өзен қасіретінің мән-мағынасын алаш қауымы толық танып, бірегей көзқарас қалыптасты.

Әлбетте, теріс пиғыл да мейлінше көрініс берген. Жағымпаздар мен жалпоштар, өкіметім мен партиям туралы айтпаймын. Компьютерге арнайы отырғызылған, қара пікірлі жалдамалы тұрыпты, ештеңеге жаны ауырмайтын, бейсауат, сайқымазақ жалпы жұрт тарабынан. Қандай да бір оңды пікірді теріске бұрып, қажетті, өткір сөз атаулының қадірін кетіруге тырысты. Мәселен, Жаңаөзен турасында атақты мен әйгілінің бәрінен бұрын, ең алғашқы айыптау өлеңін шығарған – Лена Әбдіхалықова деген айтыскер, ақын қызымыз еді. Именбей, батыл айтқан. Сүйсіну, мақұлдау орнына бұл шумақтардың көркемдік қасиетіне күмән кетірген сыншыны көрдік. Абай айтқан «Аузымен орақ орған өңкей қыртың» біздің өзімізді де жетістірген жоқ. Дәп сол мақалаға орай қаншама тікелей және жанама айып тағылды. Бұл бөстекі сөз күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Шетте ерігіп жатып жазды дейді, атақ шығару үшін жазды дейді, тағы басқа да, ойдан шығарылған әрқилы пәлекет. Бұл арада бар сұмдықтың мәнін тезінен және алғаш рет ашып көрсеткен мақаланы кім жазғаны, қайда жатып жазғаны негізгі мәселе емес, ең бастысы – халықтың көкейіндегі зар мен ашу-ызаны әйгілеу және қазаққа қарсы қылмысқа нақты баға беру. Осы тұрғыдан алғанда, «Қан төгілді...» деп аталатын мақала алаш жұртының көкейінен шықты және өзінің тарихи міндетін орындады деп

білем. Мен ешқашан да елбіреп отырып, күйініп, немесе сүйініп отырып жазған емеспін. Шынайы шығарма салқын ақылдың ғана жемісі. Бірақ мақаланы жазып біткен соң, өзім де Жаңа-Өзенде жүріп, қаным төгілгендей сезім кештім. Ағымдағы жұмыстан қолым шығып кетіпті. Он шақты күннен кейін, жаңа жыл, 1 қаңтар күні әрең жалғастырдым.

Иә, Әсет баламның негізгі сұрағына жауап. Біз жағымпаздық, сатқындық, тағы басқа да кесепат атаулыдан Қазақстан шын мәнісіндегі толық тәуелсіздікке жеткен кезде құтыламыз. Ол заманда кешегі қорқақтар мен опасыздардың барлығы сендердің алдарыңа түсіп, басқаша гәпіретін болады. Бұл да айнымалы өмірдің бір салты. Бірақ ондай күн өздігінен келмейді. Күрес, жаңару, жаңғыру жөнін айтпағанда, жау мен жандайшаптан күш кетуі керек. Оған дейін бүгінгі жастарымыз өзінің оңы мен солын айқындауы шарт. Соның ең оңайы – кімнің кім екенін тану, бағдарынды белгілеу. Мәселен, бүгінгі алаш жұртында парасатты ғана емес, шынайы ұлтшыл һәм осы тарапта таймай, талмай жұмыс жасап келе жатқан тұлғалар бар ма? Бар және бірталай. Мен осы ретте ең алдымен Жасарал Қуанышәлі мен Хасен Қожа-Ахмет есімдерін атар едім. Бірі табанды, әрі өткір, білгір саясаткер, екіншісі – турашыл әрі батыр осы екі азаматты кім бағалапты? Керісінше, бастарынан киіу арылмай келеді. Әрқилы алдамшы, жалғаншы перде жамылған жандайшаптар мен ұлт азғындары тарабынан неше түрлі жалаға ұшырап, тынымсыз қудаланып жатыр.

– **«Архив хикаясы» («Мұрагер») атты әңгіменіздегі бас кейіпкердің прототипі Әлкей Марғұлан деседі. Осы қаншалықты рас? (Мәди Қанатбаев, Тараз қаласы).**

– Мен батыс әдебиетшілері ойлап тапқан «прототип» мәселесіне күмәнмен қараймын. Көркем шығарма – өмірдің, ондағы әрқилы адамдардың нақпа-нақ көшірме, суреті емес. Кез келген кейіпкер – құрама сыпатты, яғни жазушының дүние танымының нәтижесі. «Архив хикаясы» – менің тынымсыз архив ақтарған аспиранттық жылдарымның көрінісі болып табылады, бар айырма – мен нақты іске бет бұрып, уақытында тоқтай алдым. Ғылыми жұмыс бұдан әрі ұласуға, тереңдей түсуге тиіс еді, бірақ мен жалғыз ғұмырымды бейнелі, көркем сөз тарабына бағыттадым. Осы ретте Әлекем – Әлкей Марғұлан маған қатты ренжіген еді, мәнді, маңызды саладан тиянақсыз іске бет бұрдың деп. Ол кісінікі де жөн, бірақ бәріне бірдей жетіспейсің, өрісіңді шектемеске амал жоқ-ты.

– **Қазақ тілінің халі мүшкіл. Түптің түбінде орыс тілі қазақ тілін қолданыс аясынан мүлде ығыстырып шығарып жіберер ме екен деп қатты қауіптенемін... (Несібелі Айдыңқызы, Қарағанды).**

– Қазақ тілінің жағдайы – бұрын болмаған дәрежеде, өте жақсы. Қазір тек Қазақстан шегінде ғана кемі 9–10 миллион адам өзінің ана тілінде сөйлейді. «Тіл жанашырларының» нантабар ойбайын қабылдап, осының жартысы ғана екен дейік. Соның өзінде қыруар халық. Бүгінде қазақ тілі өз дамуының шегіне жеткен. Он бес ғасырлық әдебиеті бар.

Ұлттық мұратты әйгілеген ұлы шығармалары бар. Ана тілінде сауат ашқан неше миллион өскіні мен жеткіні бар. Қалайша кем боламыз? Егер парламенттің мен өкіметің «мемлекеттік тілде» сөйлемесе, одан қазақ кеміп қалмайды. Сенің өкіметің емес, сенің парламентің емес. Сенікі болған кезде, қазақшаға қалай жарысқанын көресіңдер әлі.

Осы ретте, екі-үш ай аралатып, қайыра көтеріліп тұратын дабыралы, 140–150 қайраткер қол қоятын пайдасыз, нәтижесіз петицияларды тоқтату керек. Мен қаттырақ айтар едім. Бұл – биліктің нұсқауы, қазаққа қарсы әрқилы кеселді шешім қабылданар алмағайып бір тұстарда жалпы жұрттың назарын басқа жаққа аудару үшін ойлап табылған зымиян саясат. Арамдар бастап, аңқаулар қостап жатқан, зайғы ғана емес, зиянды іс. Тілдің қажетін ешкім де теріске шығармайды. Бірақ қазіргі кезеңде қазақ үшін айрықша мәнді басқа бір жағдаяттар бар. Ең алдымен халықтың әл-ауқаты көтерілуі керек. Қазақтың өз еліндегі рухани және құқықтық кемшілік жағдайын айтпай-ақ қояйын. Кеудесі басылған, ашарық ахуалдағы халқыңды мәңгі-бақи кіріптар, қысылшанда қалдырмақ. Осы жолда – қазақтың қарны ашпасын, басқалармен теңдік дағуасында болсын деп ұран тастаңыз. Содан соң, республика шегіндегі қазақ жұртының үлес салмағы өлшеусіз көбеюге тиіс. Ол үшін ішкі өсімге қамқорлық қажет. Оралмандар тасқынын арттырып, бұл жолдағы өкімет тарабынан қойылып отырған антиқазақ саясатқа тоқтау салғызу шарт. Демократиялық құндылықтарға жол ашу, баспасөз еркіндігі, жас ұрпақ тәрбиесі, рухани өмір, тағы қаншама мәселе тұнып тұр. Ал біз «Ойбай, тілім!..» деп, қу жартасқа жаңғырықтырып, тынымсыз шулап жатырмыз. Иен шөлде қаталаған кісінің «Су! Су!..» – деген, әрекетсіз айқайынан айырымы шамалы. Осы сөздердің бәрін сыпайылап айтып отырмын. Егер бізде баспасөз еркіндігі болса, тәуелсіз деген басылымдардың өзінде ішкері, өзіндік цензура болмаса, жеткізіп жазар едім. Жақында ғана Орталық музейде өткен көлденең кездесу кезінде де шет жағасын ғана шығардық. Тіліміз салақтап, осы далаңбай қалпымызда далада қалатын түріміз бар. Сірә кейінірек «Тіл жанашырлары» аталатын пайдакүнем, даурықпа топтың жылдан-жылға тынымсыз жалғасып келе жатқан, қазаққа қарсы іс-әрекеттері туралы арнайы жазу қажет болар.

– Қайда бармаңыз, қайда қарамаңыз, алдымыздан шығатыны – ұлтсыздану. Мен Қазақстан жөнінде айтып отырмын. Ұлтсызданудан қалай құтыламыз, жоқ әлде бір жаққа көшеміз бе? (Шарапат Отынишиева, Үржар, Шығыс Қазақстан).

– Ұлтсыздану – бұрнағы және бүгінгі отарлық заманға тән сыпат. Тарих өлшемімен алғанда, өткінші құбылыс. Қазірде қазақша білмейтін шенеунік пен ұлтсыздың аталары мен әжелері, бабасы орысша білген жоқ. Енді бірер ұрпақ алмасқан соң, олардың немере, шөберелері түгелдей қазақша сөйлесе несі бар. Ұлтсыздану – отарлық заманмен бірге кетеді, ұлт мұраты нақты тәуелсіздік кезеңінде ғана жүзеге аспақ.

– Ресей өзінің Украинаға жасаған көтензорлығын Қазақстанға да жасауы мүмкін бе? *(Таңат Түгелбайұлы, Өскемен).*

– Одан қорқатын ештеңе жоқ. Ресей әуелі Украина шырғалаңынан басын арашалап алсын. Қиыр Шығысына ие болсын. Қазақстан онсыз да уысында тұр. Тікелей басқыншылық жағдайда қазіргіден қиын болмайды. Бүгінгі «өз» билігінің жат жерлік, оккупациялық өкіметтен қанша айырымы бар?!

– Ресей президенті В.Путин теледидардан «Қазақтарда ешуақытта мемлекеттілік болған емес...» деді. Әрине, мұны Сіз де естідіңіз. Қандай күйде болдыңыз? *(Еркін Ботабаев, Өскемен қаласы).*

– Күлдім. Ресей императоры менің кемеңгер Елбасымның шылауында жүр екен.

– Бір қарасаныз, елімізде әдеби мекемелер де аз емес: Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақ ПЕН клубы. Мұның сыртында әдеби журналдарымыз қаншама («Жұлдыз», «Мұқағали», «Қасым», «Қазығұрт», «Ақ Жайық», «Жамбыл» және т.б). Бірақ әдебиетіміз құлдырағанның үстіне құлдырап, онан әрі майдаланып, ұсақтап бара жатыр. Бұ қалай? *(Рахымжан Сагадатұлы, Алматы).*

– Қазақ әдебиеті «Тәуелсіздік» аталатын, шын мәнісіндегі шығармашылық толық еркіндік туған соңғы жиырма үш жылда кейінгі екі ғасырдағы есесін толтырып, заңғар биікке шықты. Мен қазақ халқының өмірлік мүддесін айқындаған, ежелгі тарихты ғана емес, бүгінгі бұлағай күннің де бейнесін жасаған қаншама – кемі он бес-жиырма классикалық хикаят, роман аттарын тізіп берер едім.

– Кімді пір тұтасыз? *(Марат Сағиұлы, Жарық стансасы, Қарағанды қаласы).*

– Менің пірім – Шыңғыс хан.

– Сіздің жазғандарыңызды шамамның келгенінше түгендеп оқып жүруге тырысатындардың бірімін. Сіз қазақтың үлкен жазушысы Ілияс Есенберлинді құрмет тұтасыз әрі қадірлейсіз. Бұл жөнінде жаздыңыз да.

Ілияс Есенберлиннің ұлы Қозыкөрпештің өзге дінге («Иегова куәгерлері») өтіп кеткенін естігенде, қатты қиналдым. Әкесі, яғни Ілияс Есенберлин өле-өлгенше ұлтқа қызмет етті. Ал енді оның ұлы кімге қызмет етеді? *(Жаңабай Сатымұлы, Қаскелең қаласы).*

– Нақты білмеген соң, кесіп айта алмаймын. Әлбетте, ғайри дінге берілу, тым құрса өз дініндегі теріс тарикатқа ілесу – жеке өмірдегі рухани тоқырау, дүниеден түңілудің, өзіне өзі қол жұмсауға тетелес, өзгеше бір көрінісі. Ислам ауқымындағы, тіпті, ешқандай бүлігі жоқ ағымдарға бой ұрған жастарды жаппай соттап, ішінара атып, жарып өлтіріп жатқанда, бөтен дінге көшкен кісі жаңа ортада сыйлы, билік тарабынан қауіпсіз жағдайда отыр. Алланың атын айғақтау орнына саясат

жаршысына айналған бүгінгі діннен түңілген жастың салафи, ахмади, немесе сопылық жолын емес, Иегова нанымын қабылдауында да осындай кеселді түйін бар. Әлбетте, ақтауға болмайды, түсіну де қиын. Заманның азуының кезекті бір көрінісі деп қана бағалауға мүмкін.

– Өзбекстанның президенті Ислам Каримов 77-ге қараған жасына қарамастан тағы да президенттік сайлауға түспек. Бұл жөнінде жақында ғана Өзбекстанның газеттері ресми түрде хабарлады. Сексенге жақындаған адамның тағы да сайлауға түсіп жатқаны... Жалпы, Шығыс адамдарының таққұмар келетіндігі туралы көп айтылады. Осының ішінде түркілер де (әрине, оның ішінде қазақтар да бар!) таққұмар ма? Түркілер үшін қашаннан бері жеке адамның мүддесі мемлекеттің мүддесінен, ұлттың мүддесінен биік тұрып еді? *(Болатбек Буданбаев, Жетісай қаласы, Оңтүстік Қазақстан облысы).*

– Қайткенде де, диктатор бола тұра, елінің тәуелсіз жағдайын сақтап, ұлттық саясатын жүргізіп жатқан Ислам Каримов үшін бас қатырмай, өзімізді түгендеп алайық. Өктемдікке ұмтылу, баққұмарлық, таққұмарлық – «Шығыс адамдары» ғана емес, биліктегі пенде атаулының көбіне ортақ сипат. Әсіресе, демократиядан алыс елдерде. Адамзатқа тән кемістік, кінәрат атаулыны тек қазаққа ғана тиесілі деп қарау – отарлық сана орнықтырған, кеселді ұғымның бірі.

– «Қазақсыз Қазақстан». Бұл біріншіден, Сіздің сыртта жүрсеңіз де, елдің жағдайын жіті бақылап жүргеніңізді білдірсе, екіншіден, «Ақ сөзге мал да мөңірейді» ғой, Сіздің Қазақстандағы шынайы жағдайды, шын ситуацияны ашы болса да ашып бергеніңізге үлкен-кіші түгел тәнті болды. Бізге дәл қазір осындай аса терең, өте мәнді, ел үшін тек сақтандырушы ғана емес, құтқарушылық та сипаты бар құнды мақалалар керек-ақ. Тағы да осындай мақалалар жазу ойыңызда бар ма? *(Сабырғали Қаражігітов, Құлсары, Атырау облысы).*

– Мен 2008 жылғы қарашадан бері тек қана «Шыңғыс ханмен» отырмын. Бірақ амал жоқ, айтарың ішіңе сыймай бара жатқан соң, әредік жағдайда, дәп осы сәт үшін мәнді мәселелерге қалам тартуға тура келеді. Бұл ретте Жаңа-Өзен оқиғасына қатысты мақаладан басқа дүниелер жұмыс үстінде емес, «Шыңғыс ханның» екі кітабының, немесе бір кітаптың екі бөлімінің ортасындағы өліара, азғана тыныс күндерде жазылды, мәселен: Қазақ Ашаршылығы туралы, Абылай ханның атаусыз қалып бара жатқан 300 жылдығына орай, «Қазақсыз Қазақстан» және Шәкәрімге, Мағжанға тиесілі үлкенді-кішілі мақалалар. Осының бәрі – «Шыңғыс ханның» есебінен, атамнан кешірім сұраймын да, амалсыз көлденең қадам жасаймын. Енді тағы да жоспарсыз кідіріс – жастардың сауалына жауаппен отырмын. Алдағы бір-екі жылда басқа жаққа бұрылмаспын деймін.

– Қазақтың қазіргі зиялыларына (көзі тірілерге) көңіліңіз тола ма? *(Бейбіт Нұржігіт, Орал қаласы).*

– Қазақ зиялылары 1960–1980 жылдарда ұлаңғайыр ауқымда қалыптасып, үлкен қоғамдық күшке айналған еді. Компартияның зымиян мектебінен өтіп, КГБ-ның жұмыс тәсілдерін жете меңгерген номенклатура өзінің өкімін күшейту, байтақ елдің тәуелсіз, бірден-бір қожайынына айналу және осыған орай, жалпы жұртты наразылық атаулыдан, ұлттық санадан айыру үшін қазақ зиялыларына қарсы жан-жақты әрі түбегейлі күрес ашты. Бұл деген – ғылыми және шығармашылық интеллигенцияны қайыршылық ахуалға түсірумен қатар, олардың ендігі замандағы керексіз жағдайын әйгілеп, жалақор насихат арқылы «әшкерелеу» бағдарында жүзеге асуға тиіс еді. Ғылым Академиясы жабылды, жоғарғы мектептің профессор, доценттерінің айлық табысы апталық көжесіне жетпейтін болды, жазушылар қауымына қаламақы төлеу тоқтатылды. Сондай-ақ, ауылдан қалаға дейінгі аралықтағы мұғалім, дәрігер атаулы қаражаттан қағылды. Оқымаған адамдар билейтін елде оқыған қауым бар жағынан бірдей таршылыққа ұшырады (экономикалық қиындықтарға байланысты емес, онда бар жағдайымыз шарықтап, «әлемдегі ең дамыған елу елдің қатарына жеткен» бүгінгі күні тұрмыс та түзелер еді ғой). Сонымен қатар, қазақтың зиялы қауымына қарсы, республикалық барлық баспасөз бетінде былғаныш науқан өрістеді. «Зиялы дегеніміз – зиянды кісі» дейтін қағида ұранға айналды. Бұл ретте өздері ештеңеге жетпеген жалбағай журналистердің қызметі айрықша болды. Сөйтіп, жоғарыдан түскен және төменнен көтерілген екпінді, социалистік науқан нәтижесінде зиялы қауым біржола «зиянсыз» қалыпқа түсірілді: алдыңғы ақсақалдар тиесілі, немесе тездетілген ажалмен қатардан кетті, кейінгі қарсақалдар қажыды, қартайды, ал орта жастағылар біржола мұқалды, өткеннің орнын толтырып жатқан тың толқын және жоқ. Ақыры, осыншама табанды, жоспарлы күрестен соң ұлт зиялылары тап ретінде біржола жойылып, бірлі-жарым ғана, шаңы шықпас жаяу, үні шықпас жалғыздар қалды. Енді жаңадан қалыптасқан, әркілы жалған перде жамылған жандайшаптар осы жалқы мен сыңардың соңына шоқпар алып түсті. Пәрменді насихат құралы ретінде көнбіс интернет іске қосылды. Былғаныш науқанның ақыры немен тынғанын көзімізбен көріп отырмыз. Бүгінде қазақ қауымы қадір тұтатын, сүйеніш қылатын ешкім қалмағандай, бәрі «кәкәй» болып шықты. Ал қолдан жасалған әлдебір далаңбайлар ұпайы түгелденіп, атақ-абыройлы күн кешіп жатыр. Бар тіршілігі – қарынның қамы. Оны біліп, сезіп жатқан жұртың және жоқ.

Әлбетте, ұлт бар жерде зиялы бар. Алайда, қазіргі жастардың қазақ зиялысының бұрынғыдан батыл, әрі ұйымшыл жаңа бір қатары ретінде қалыптасып, орнығуы үшін біршама уақыт керек болады.

– Қазақстанда ғылым да, ғылым ошақтары да күйреді. Келісесіз бе? *(Мырзабек Шегірұлы, Қызылорда қаласы).*

– Қазақтың «Итке темір не керек» деген мақалы бар. Ғылым туралы жоғарыдағы сұраққа жауап үстінде шет-жағалап айтылды.

– «Әдебиет жөніндегі Қазақстанның мемлекеттік сыйлығын кім көрінген алатын болды» дейді жұрт. Осыған не дейсіз? Жалпы, сыйлық, атақ, марапат жөнінде не айтар едіңіз? *(Байзақ Нысанбайұлы, Семей).*

– Совет заманында Мемлекеттік сыйлық – шығармашылық біршама бостандыққа жол ашатын. Баспа тарабынан бұрынғы шектеу азайған, өз пікіріңді тиянақты қорғайсың, қаламақы да еселеп көбейген. Атақ, абырой өз алдына. Түптеп келгенде, жазушының үлкен бақыты. Ал қазір, цензура жойылып, кітап шығару ісі жекелік сыпат алған шақта сыйлық – шамалы ақша және алдамшы марапат қана болып көрінеді. Мен Мемлекеттік сыйлықты 1984 – бұдан тура отыз жыл бұрын, «Аласапыран» роман-дилогиясы үшін алдым. Осыдан кейін тура жиырма жыл бойы Сыйлық комиссиясында тұрақты мүше болдым. Тікелей дауыс беру жөнімен қалыптасқан жүйеде кездейсоқ жағдай ұшыраспайтын, тек жаңа ғасырдың басында ғана суық қол араласа бастады. Кейінгі келеңсіз жағдайлар – осы жоғарыдан кіріскен белсенділік нәтижесі болар. Мәселен, анау бір жылы, толық дауыс алып, бәйгеден келіп тұрған қос ақын – Серік Ақсұңқарұлы мен Несіпбек Айтұлы күтпеген тосқауылға ұшырапты. Несіпбек кейіннен жетті, Серік сол беті қалды. Бұдан соңғы сыйлықтар тек жоғарының нұсқауымен ғана беріліп жатқан сияқты.

Жалпы, әдеби сыйлық бүкіл әлемде бар. Ал атақ, марапат тек қана жақсылыққа бастайды деп білем. Дарынның жолы ашылады, мерейі көтеріледі. Абырой, мәртебе неғұрлым ерте келсе, қаламгердің еңбегі де соғұрлым жемісті болмақ. Мен бұл жерде лайықты, шын таланттар туралы ғана айтып отырмын.

– Үй ішіңіз, бала-шағаңыз туралы айтып берсеңіз... *(Толқын Егембердіқызы, Қызылорда облысы, Шиелі).*

– Міне, елу жылға иек артты, бір әйелмен тұрып келем. Өздеріңдей жас кезімде, қатарлас оқитын бір туысының альбомынан суретін көріп, әуелі әлденеше хат жазып, одан соң Семейге арнайы іздеп барып, танысқан едім, арада он үш ай өтер-өтпесте, соңғы курстағы оқуынан айырып, үйленіп тындым. Жалдамалы пәтерде тұратын аспирант едім. Одан бері қаншама заман, бірақ күні кешегідей. Алты бала тәрбиелеп өсірдік: төрт ұл, екі қыз. Үшеуі орта мектепті алтын медальмен бітірді, бәрі де жоғары білім алған. Бүгінде жиырмадан астам немере, үш-төрт шөбере бар. Мен ұл мен қызды да, олардан туған балаларды да айырып көргем жоқ. Үш атадан бері жалғыз едім, Алланың рахматымен қараңқұраң болып қалдық. Екінші ұлым Едігені әдебиетші және журналистер қауымы жақсы біледі. Жиырма жасында, өз кезінде Шоқан жазып алған, 1905 жылы жарыққа шығып, содан соң мүлде дерлік ұмытылған, тыйым салынған «Едіге» жырын қайтара ашып, «Қазақ әдебиеті» мен «Жұлдызда» мәнді мақалалар жариялады, арада үш-төрт жыл өткенде осы

тарихи жыр туралы көлемді зерттеуін тәмамдап, диссертация қорғады, шағын және толымды екі кітап шығарды. Үлкен ғалым болатын еді, бірақ заман ыңғайымен басқа салаға көшті, ұзақ жылдар бойы «Азаттық» радиосы – әуелі Мүнхенде, кейін Прагада қызмет атқарды, соңғы алты жылда қазақ сервизінің директоры болды. Ежелгі, еркін радионың жұмысы жан-жақты сыпат алып, әдепкі, демократиялық бағдармен қатар, қазақтың ұлттық мүддесін әйгілейтін қос тілді, беделді ақпарат құралы болуына айрықша күш салды, бұл жағдай әсіресе Жаңа-Өзен оқиғасы тұсында айқын көрініс берді. Қазір, Америка, Вашингтонда тұрады. Басқа балаларым да өздерінің адал еңбегімен, әрқилы қалыпта жан бағып, тіршілік жасап жатыр. Ендігі жұбаныш – немерелер қатарға шыға бастады. Едігенің тұңғышы Айшешек деген баламыз биыл Лондон университетіне, әдеби сценаристер факультетіне түсті. Он бес жасында алғашқы романын жазған еді. Енді тура жолға шықты. Осы бетінде тәңірі жебеп, аталарының аруағы қолдаса, аса ірі жазушы болады. Менің өкінішіме, өзінің бақытына қарай, әлемдік ағылшын тілінде еңбек етпек. Бұдан соңғы Жағанбике деген немерем оқу үздігі, биыл 11-сыныпта. Одан кейінгі, тоғыз қыздан соң туған алғашқы ұл Бату – он төрт жаста, мектебін бітірмей-ақ университет бағдарламасымен дербес дайындыққа көшкен. Тетелес інісі Байдар екеуі біздің әулетке жетімсіз нәрсе – жиырма үш–жиырма бес жасқа дейін миллионер боламыз деседі, әбден байып алып, менің шығармаларымды том-томмен бастырып, әлемнің барлық тілдеріне аудартып шығармақ. Мен де соған сеніп отырмын. Балаларымның өзгеше талайына. Америка – қандай да дарынға жол ашық, кенен, еркін ел. Бұл төрт бала Прагада туды, Прагада өсті, енді тіпті шетке кетті. Бәрі де Қазақстан азаматы. Тілдері қазақша шыққан, үйде үнемі қазақша сөйлейді, мектептері ағылшын болған соң, осы тілге тым жетік, бұған қоса испан, француз, неміс тілдерін жақсы меңгерген. Орысшаға жоқ, әлбетте, зәңгінің тілін білсең де пайда, бірақ шалғайда отырып, орыс тіліне арнайы көңіл бөлуге уақыттары жетпеді, бәлкім кейінде үйрене жатар. Басқа, алматылық немерелерімді айтсам, сөз аяғы ұзап кетпек. Қайткенде де менің әулетімнен болашақта қазақ халқына қызмет ететін ерен тұлғалар шығарына күмәнім жоқ.

– Елді сағынған кезде сағынышыңызды немен басасыз? *(Сәуле Кідір, Павлодар қаласы).*

– Өтірік айтпайын, осы сегіз жыл ішінде арттағы ел-жұртқа деген ешқандай сағыныш болған жоқ. Алғаш келген соң, тоғыз ай өткенде өзім де қайран қалып, ғұмырбаяндық бір әңгімеде жазғам: «Ұлғайған жас па, қалған көңіл ме...» – деп. Әуелгі жылы және одан кейінірек елге барып қайтқан едім, соңғы бес жыл орайында өткен жазда ғана қатынадым, онда да бәйбішемнің денсаулық жағдайына байланысты, Шыңғыстаудың қымызын ішкізіп, демдеу үшін.

«Туған жерден топырақ» деген сөз бар. Ол да шарт емес. Шыңғыс ханның атақты немерелері Бату мен Байдар Шығыс Еуропаны, Польшаны көктей өтіп, Герман жеріне кірді, Чехия шегін басты. Қиян-кескі жеңімпаз

ұрыстарда керей мен найман, жалайыр мен қоңырат, қыпшақтан шыққан қаншама атамыздың қаны төгілді. Күні кеше, әлемдік соғыста бүкіл Еуропада мың сан әкеміздің сүйегі қалыпты. Мен солардан артық емеспін. Және менің ұғымым бойынша, құры денең – үстегі, тек өмір бойы арқалап жүретін киімің. Тозған жерде қалуға тиіс. (Егер бұдан да әріге кетіп, Америкада өле қалсам, соншама жерден тасымалдап, мәйітті сарықтарып, ақыр түбінде қараңғы көрде құрт-құмырсқаға жегізбей, сүйегімді өртеп, күлімді Шыңғыстаудың күнгейі – Көпбейіт-Босағаның биігінен желге ұшырындар деген аманат артар едім). Ал менің өлмес рухым – қазақтың қасиетін әйгілеп жазған шығармалар – қандай да өкімет пен партияның, олардың жапыр-жұпыр жандайшаптарының еркінен тыс, туған елімнің төрінен орын алары анық.

– Кабинетіңізде кімнің портреті ілулі тұрады? (*Асқар Жабагин, Жезқазған қаласы*).

– Алматыдағы жұмыс кабинетімде, қақ арқада Абайдың портреті тұратын. Қазір де сол орында. Ал мұнда – Карловы Варыда Шыңғыс ханның қару-жарағы, тұла бойымен тұтастай, бұзау терісіне салынған үлкен суреті ілулі тұр.

– Аруаққа сенесіз бе? (*Мұрат Ізбасарұлы, Талдықорған*).

– Аруаққа сенім – қазақ рухының ұлттық, өзіндік бір көрінісі. Қысыл-таяң жағдайда күш құйған, жігерін арттырған. Аруақ ұғымынан тыс қазақ жоқ. Өз басым әманда сеніммен қатар, демеуін, жебелеуін айқын сезінемін. Осы орайда Баба Түкті Шашты Әзиз, Абылай хан және Шақантай батырдың әр кезде, әрқилы, нақты белгі бергені бар. Таратып айтсақ, ұзаққа кетеміз. Аруақ – адамның ерекше жаралмысының белгісі және жер әлем ғана емес, бүкіл ғаламды ұстап тұрған, қазақ тілінде мәндес – Алла, Тәңірі, Құдай деп аталатын құдіреттің анық барлығының айғағы. Екінші айғақ – күні кеше ғана шыққан компьютер, интернет дер едім.

– Неден қорқасыз? (*Арман Исаұлы, Текелі қаласы*).

– Өлімнен қорықпаймын. Ең бастысы да осы болса керек. Кісіден именіп, өкімет пен партияға жалтақтап көргем жоқ. Кісі – өзіңнен артық емес, ал билік атаулы – өткінші. Әлбетте, әрненің шегі бар және ақыл мен сақтық қатар жүруге тиіс. Ал қам жейтін нәрсе көп. Жазуың, күнделікті тіршілігің, ертеңгі жағдайың. Әсіресе, балаларымның әр тарап болашағына қатысты уайымшылдау болсам керек. Шамның жарығы өзінің түбіне түспейді деген бар.

– «Мен жастарға сенемін!» (*Мағжан*). Сіз ше, жастарға сенесіз бе? (*Күншай Алтынбекқызы, Баянауыл, Павлодар облысы*).

– Жастарға сенбесең – халқыңның болашағы жоқ деген сөз. Бүгінгі жастар, бұлардан соңғы келешек ұрпақ біздің барлық олқымыз бен катемізді түзеп, Қазақстанды шын тәуелсіздік биігіне жеткізуге тиіс.

Бірақ толықтай оңалу үшін, бүгінгі билік ауысқаннан соң тағы жиырма жыл керек болады.

Сонымен, қолға жеткен жиырма төрт сұраққа түгел, қадарынша жауап қайырдық. Менімен сырттай болса да сұхбатқа ниет еткен балаларым мен немерелеріме алғыс, ризашылығымды білдіремін. Десе де, жоғарыда айтылған барлық лепесімде төтенше жаңалық ұшыраса қоймас. Бұрнада бізден қалған сөз жоқ сияқты. Менің барлық ой, толғамдарым арғы-бергі шығармаларымда бүкпесіз, толық көрініс тапқан. «Тазының өлімінен» бастап «Жармаққа» дейін, «Қобыз сарынынан» – «Шыңғыс ханға» дейін. Замана туралы байып, толғаулар – «Ұлтсыздану ұраны» мен «Қазақсыз Қазақстан» және соңғы жиырма жыл ішінде жазылған қаншама мақала өз алдына. Мұқият, іждағатпен оқыған жас өзін мазалаған сауалдардың біразының жауабын тапса керек.

Аман болындар. Ақ жолдан таймаған ұрпақ қашанда ұмтылған мұратына жетеді.

Карловы Вары, Чех республикасы.
18–19.X.2014.